

processes, the main criterion of ethnocultural identity for Kazakhstanis is their native language and their own national culture.

Key words: verbalization, ethnocultural identity, national culture, globalization, semantics, media content, experiment.

REFERENCES

- 1 Zhuravleva L. N. Vedushchiye faktory stanovleniya etnokul'turnoy identichnosti (na primere Ital'yanskoj Respubliki) [Leading factors in the formation of ethnocultural identity (using the example of the Italian Republic)] // Izdatel'stvo Ural'skogo universiteta – Yekaterinburg – 2022 – Tom 1. – S. 293-296.
- 2 Stepanova G.S. Izucheniye etnicheskoy identichnosti i tsennostnykh oriyentatsiy s tochki zreniya ikh fenomenal'nosti i pokolennoy preyemstvennosti [Study of ethnic identity and value orientations from the point of view of their phenomenality and generational continuity]// Mezhdunarodnyy nauchno-issledovatel'skiy zhurnal.- 2022. - №4 — S. 118.
- 3 Kadyrzhanov R. National consolidation of Kazakhstan: problems and prospects, the collection of materials of the round table (Almaty, March 28, 2013), edit. by Z.K. Shaukenova, Almaty, 2013, 196 p
- 4 Sultanova E.R. "Yazyk kak instrument kul'turnoy identichnosti." [Language as a tool of cultural identity.] Filologicheskiye nauki 15, № 2 (2013): 80-92.
- 5 Hollis M. "The Turkic Languages and their Role in Cultural Preservation." Journal of Linguistic Anthropology 22, № 3 (2012): 203-219.
- 6 Kazakhstan in the Global World: Challenges and preservation of identity, edit. A.N.Nysanbaeva, Almaty: Institute of Philosophy and Political Science KH MES RK, 2011, 422 p
- 7 Suleymenova E.D. Yazykovaya situatsiya v Kazakhstane: rusifikatsiya, kazakhizatsiya i drugiye aspekty [Language situation in Kazakhstan: Russification, Kazakhization and other aspects.]. 2016
- 8 Baygabatova, Baygarina G.P. Yazykovaya identifikatsiya i politika v Kazakhstane. [Language identification and politics in Kazakhstan] Taraz: Zhambyl. 2018
- 9 Opros: kazakhstantsy bol'she doveryayut Internetu. [Kazakhstanis trust the Internet more] Radio Azattyk. (2014, May 29). <https://rus.azattyq.org/a/opros-kazakhstantsy-bolshe-doverayayut-internetu/25402583.html>.

Received: 20.06.2024

MFTAP 16.31.02

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp76-88](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp76-88)

Қ.Б. Слямбеков

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, 050040, Қазақстан Республикасы

ЖОЛДАУ МӘТІНДЕРІНДЕГІ «МЕН» ЕСІМДІГІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ- ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (Н.Назарбаев пен Қ.Тоқаевтың Жолдаулары бойынша)

Мақалада саяси лидер тіліндегі «мен» жіктеу есімдігінің прагматикалық күші жайында ғылыми тұжырымдар беріледі. Қазақстан президенттерінің жолдауындағы «мен» есімдігінің коммуникативті мақсатының түрлері сипатталып, қай президенттің қолданысында қандай коммуникативті интенцияның басым екені анықталады. Мақаланың ұсынған гипотезасы – ҚР-ның экс-президенті Н.Назарбаев пен қазіргі президенті Қ.Тоқаев жолдауларындағы «Мен» тұлғалық көрсеткішінің бағалауыштық және прагматикалық

аспектілерінде айырмашылық барын, ондай айырмашылық президенттердің жеке тұлғалық дискурсымен байланысты екенін анықтау.

Жолдау мәтіндеріндегі «мен» категориясының қолданысын талдау саяси тұлғаның репрезентациялық болмысын сипаттауға мүмкіндік тудырады. Сөйлеуші демонстрациялық «мен» есімдігін қолдану арқылы мінез-құлқынан, психологиялық-ментальды жай-күйінен, прагматикалық интенциясынан хабар береді. Мақаланың мақсаты – осындай жеке дискурс сипатына ие тұлғалық қасиеттердің жолдау мәтіндеріндегі көрінісін анықтау. Зерттеуде ой-тұжырымды бекіту мақсатында қолданылу жиілігін есептеу принципі қолданылып, сандық көрсеткіштерге арқа сүйедік.

Кілт сөздер: жолдау, есімдік, саяси лидер, саяси дискурс, коммуникативті мақсат, жіктеу есімдігі, дискурс талдау, саяси лингвистика

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Жолдау мәтіндері саяси лингвистиканың зерттеу нысанына айналғанына біршама уақыт болды. Әр лингвист өз елінде орын алып жатқан саяси процестерге баға берерде мемлекет басшыларының халыққа жолдаған сөздерін, инаугурация сөзін, жолдауларын бағып отырады. Мемлекет басшылары мен саяси басшылардың ұстанған саяси стратегиясы мен тактикасын, тұлғаның мінез-құлқы мен психоментальды жай-күйін тануда жолдау мәтіндерінің лексика-стилистикасы, функционалды-прагматикасын қарастыру аса маңызды. Қазақстан қоғамы үшін Президент жолдауы кезекті бір саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени процестердің бастамасы болып табылады. Сондықтан жолдаудың мән-мағынасы, мәртебесі жоғары саналады. Жолдаудың мән-маңызы жоғары бола тұра, Қазақстан президенттерінің жолдау мәтіндері әлі жеке зерттеу нысаны ретінде қалыптаса қоймаған. Аталмыш мақала осы олқылықты шешуге бағытталған.

ҚР Президентінің жолдауы – Президенттің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы үндеуі [1]. Жолдау елдің саяси, экономикалық, мәдени, идеологиялық жағдайын сипаттап, стратегиялық бағытын анықтайтын саяси-құқықтық құжат болып табылады. Сондықтан Президент жолдауды заң шығарушы органдар – Сенат пен Мәжіліс отырысында баяндап, мемлекеттік органдар және басқа да басқарушы институттардың алдағы міндеті мен тапсырмалары жөнінде бағыт береді. Жолдау – мемлекет басшысының, Президенттің немесе қоғам қайраткерінің қандай да бір өзекті мәселеге байланысты халыққа арнаған сөзі. Яғни, Жолдау (саяси үндеу) – мемлекеттік қайраткерлерге де, саяси-қоғамдық үдерістердің бел ортасында жүрген, халыққа танымал тұлғалардың да кәсіби қызметіне тән институционалды дискурстық жанр.

КІРІСПЕ

Саяси дискурс жанрларының ішінде жолдаудың орны ерекше. Өйткені парламенттік дебат, партия бағдарламасы, дискуссия, үндеу, баяндама, сұхбат сынды басқа да сөйлеу жанрларына қарағанда мәртебесі жоғарылау: жолдау – саяси тұлғаның өзіне ғана тән, оның «саяси менін» көрсететін, электоратпен тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік беретін мәртебелі презентациялық жанр. Жолдауды тек қалыптасқан саяси тұлға ғана жасай алады. Жолдаудың форматы – ресми, аудиториясы – электорат, коммуникативті мақсаты – ақпарат беру, әсер ету және саяси-экономикалық жағдайға қатысты баға беру. Сөйлеуші коммуникативті мақсатын арнайы тілдік бірліктер арқылы жүзеге асырылады. Оның ішінде грамматикалық бірліктер де бар. Дискурсты функционалды грамматика тұрғысынан талдау теориясына сәйкес, сөйлеушінің жақ тұлғасын білдірудің тұлғааралық және репрезентациялық деңгейлері бар, әр деңгейдің өзіне тән прагматикалық және семантикалық қосымша ақпарат беретін лексикалық модификаторлары болады [2, 1].

Жолдауды саяси дискурстың жанры ретінде тануымыздың себебі мынада. Кейбір дискурс түрлерінде белгілі бір кәсіби тұлғаларға арналған арнайы жанрлар болады. Мәселен, уағыз тек діни қызметкерлерге, дәріс тек оқытушы-ғалымдар қауымына, үкім тек сот төрешісіне арналған жанр. Бұл санатқа көптеген саяси дискурс жанрлары жатады: саясаткердің көпшілікке арналған сөзі, парламенттік дебат, партия бағдарламасы, Президент риторикасының барлық жанрлары, соның ішінде жолдау да саяси коммуникация жанры болып табылады [3].

Мақаланың мақсаты – Жолдаудың саяси дискурс жанры ретіндегі ерекшелігін ашып, ондағы *Мен* тұлғасының коммуникативті көрінісін сипаттау. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы президенттерінің (Н.Назарбаев және Қ.Тоқаев) жолдауларындағы *Мен* есімдігін қолданудағы коммуникативті-прагматикалық айырмашылықтарын анықтау да мақаламыздың бір міндетіне жатады. Біздің ұсынып отырған гипотезамыз – ҚР-ның экс-президенті Н.Назарбаев пен қазіргі президенті Қ.Тоқаев жолдауларындағы *Мен* тұлғалық көрсеткішінің бағалауыштық және прагматикалық аспектілерінде айырмашылық барын, ондай айырмашылық президенттердің жеке тұлғалық дискурсының болмысымен тікелей байланысты екенін анықтау.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мемлекеттік қайраткер мен саяси лидерлердің тілін зерттеу – саяси лингвистиканың негізгі нысаны. Пәнаралық бұл ғылым ХХ ғасырдың 50-60 жылдары қырғи-қабақ соғысы тұсында пайда болып, кейін зерттеу және талдау әдістемелері жасақталды. ХХ ғ. 90 ж.ж. саяси дискурс мәселесі көтеріліп, алғаш рет саяси мәтіндерді дискурс тұрғысынан талдау әдістемесін жасақтап берген Т.А. ван Дейк болды: зерттеуші саяси идеологияға дискурс-талдау жүргізудің әдіс-тәсілін түзді [4]. Ресей лингвистикасында бұл саланың қалыптасуына А.П.Чудинов, Е.И.Шейгал, А.Н.Баранов, Э.В. Будаев сынды ғалымдар үлес қосты. Қазақ тіл білімінде саяси дискурс қоғамдық-саяси лексиканы зерттеуден басталды. Б.Момынова – газет лексикасының ерекшеліктерін, ХХ ғасыр басындағы саяси қайраткерлер тілін зерттей отырып, қазақ саяси тілі жайында сөз қозғаған алғашқы ғалымдардың бірі болды [5]. Сондай-ақ бұл салада Б.Ахатова, Ж.Ибраева, Ю.Куличенко, И.Оразбекова сынды отандық ғалымдар зерттеулер жүргізді.

Мақаламыздың зерттеу нысаны болып отырған жанр – президент жолдауын саяси коммуникацияның бірлігі ретінде жеке алып қарастырған зерттеулер бар. Мәселен, Т.И. Стекованың зерттеуінде жолдауды саяси дискурстың бөлек бір жанры ретінде алып, Қазақстан мен Ресей президенттерінің жолдауындағы тілдік ерекшеліктері қарастырылады [3]. Л.Лифэньның зерттеуінде жолдау мәтіні талдау нысаны ретінде алынып, оның саяси дискурстың жанрлық түрі тұрғысынан сипатталған. Сондай-ақ, Президент жолдауындағы адресант пен адресаттың байланысына мән беріліп, ондағы жіктеу есімдігінің I жақ жекеше және көпше түрінің қолданысы талданған, I жақ жіктеу есімдігінің инклюзивті қызметінің ерекшеліктерін қарастырылған [6]. О.Е Фролованың зерттеуінде Президент жолдауындағы (РФ президенті) лексикалық бірліктердің жиілігін шығарып, сандық көрсеткіштер негізінде жолдауда есімдік тұлғалы құрылымдардың қолданысына талдау жүргізген [7]. Ал қазақстандық авторлардан Ж.Абдиманның президент Н.Назарбаевтың ұлықтау сөзіндегі есімдіктер жөніндегі зерттеуін атауға болады [8].

Алыс шетелдік авторлардың еңбектерінде АҚШ президенттері Д.Трамп, Б.Обама, Д.Байденнің, Германия канцлері А.Меркель, О.Шольцтің, Ұлыбритания премьер-министрі Б.Джонсонның халыққа жолдауындағы саяси тұлғаның тілдік портретін зерттеу ғылыми жолға қойылып, талдау дағдысына айналған. Арасында жолдау мәтіндеріндегі есімдіктің қолданысына арнайы анализ жасалған зерттеулер бар. Мәселен, С.Мұстафаның (S.Mustafa) зерттеуінде президент Д.Трамптың 2020 жылғы Құрама мемлекетке жолдауындағы (The State of the Union Address) жіктеу есімдіктерінің қолданысына, оның ішінде *Мен (I)* есімдігінің қолданыс жиілігіне мән берген. Автордың жазуынша, президент Д.Трамптың *I (Мен)* есімдігін

мақсатты түрде 45 рет қолданып, өзінің қандай беделді, жетістігі мол, жігерлі тұлға екеніне назар аудартқан [9]. Сондай-ақ, М.Ромадлани (M. Romadlani) АҚШ президенті Б.Обаманың жолдауындағы есімдіктерді қарастырса [10], М.Алавидзе Грузия президентінің жолдауындағы жіктеу есімдіктерін [11], Ч.Янь РФ президенті В.Путиннің жолдауындағы «мен» есімдігінің тілдік ықпалын қарастырады [12].

Зерттеуде Т.А. ван Дейктің дискурстық анализ әдісі, мәтінталдау, сандық және мәліметтерді сұрыптау әдістері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Ресей лингвисті А.П. Чудинов саяси дискурс жанрларын айтылым мақсатына қарай ақпараттық, бағалаушы және императивті (іске жұмылдыру, шақыру) деп үшке бөледі. Әрі аталған үш мақсаттың да – ақпарат беру, бағалау және бұйыру амалдарының бәрі бір жанрдың бойында болуы, көрініс табуы ықтимал [13, 52]. Бұл үш мақсат жолдаудың өнбойында қатар көрініс табады. Қазақстан президенттерінің жолдауларында мемлекеттің жүргізіп отырған реформасы мен саясаты жөнінде ақпарат бере отырып, оның есебін халыққа таныстырып, мол мәліметті қамтиды. Сондай-ақ елдің ішкі және сыртқы саясаты, саяси-экономикалық, саяси-қоғамдық жағдайларға баға беріп, оған қатысты мемлекеттік стратегияны бағамдап, президент, елбасшы ретіндегі көзқарасын қоса танытады. Жолдау – саяси дискурс жанры ретінде ресми-құқықтық күшке ие құжат, соның аясында президент әртүрлі мемлекеттік басқару органдарына тапсырмалар, міндеттер жүктейді. Жолдаудың жоғарыда аталған функционалды қызметтері автордың – саяси тұлғаның интенциясымен жүзеге асырылады. Сондықтан біздің ойымызша, жолдау – мемлекет басшыларының тұлғалық «менін» көрсетуіне мүмкіндік беретін жанр әрі саяси басшының тілдік құралдар кешенін, коммуникативті прагматикасының көрінісін анықтауға мүмкіндік беретін лингвистикалық материал.

Жолдауды саяси басшының индивидуалды дискурсы ретінде қарастыру әрі оны лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде алу барысында анықтап алатын бір мәселе бар. Ол – жолдау мәтінінің авторы жөніндегі мәселе. Бұл бойынша Ресейде саяси лингвистиканың негізін салушылардың бірі проф. А.П.Чудиновтың саяси мәтіндердің авторлығы жөнінде айтқан пікірін басшылыққа алу жөн. Оның айтуынша, қазіргі дәуірде авторлықты анықтау мен танудың принципі бөлек, яғни авторлық құқық заң бойынша қорғалатындықтан, шығарманың мұқабасында жазылған адам ғана сол еңбектің заңды авторы болып табылады [13, 141]. Ал атақ-абыройын ойлаған адам мұндай іске мұқият келеді, бөтен шығармаға, өзі таныспаған мәтінге автор болмайды. Абыройына нұқсан келтіретін жазбаға жоламауы мүмкін. Өйткені жауапкершілікті алудан тартынады. Ал саяси дискурс үшін жауапкершіліктің рөлі жоғары болғандықтан, оны өз мойнына ала алған адам ғана мәтін авторы болып саналады. Ірі саяси қайраткердің штабында көп адам жұмыс істегені (құжат дайындайды, саясаткердің сөйлеу мәтінін жазады, ұйымдастыру шараларымен айналысады) сынды президенттің жолдау мәтінін дайындаумен президент әкімшілігінің қызметкерлері (спичрайтер, баспасөз және пиар мамандары, көмекші, кеңесші, т.б.) шұғылданады. Алайда жолдау мәтінін мақұлдап қол қойып, оның мазмұнына толық жауапкершілік алғандықтан, жолдаудың авторы президенттің өзі болып саналады [13, 142]. Сондай-ақ, жолдауды халық алдында баяндайтын да президенттің өзі болғандықтан, жолдау авторы ретіндегі қызметін одан әрі күшейтеді. Адресаттар үшін президенттің сөйлеген сөзін кімнің жазғаны, жолдау мен баяндаманың арғы жағында спичрайтердің тұрғаны маңызды емес: көпшілік қауым үшін ол – президенттің өз сөзі.

ТАЛҚЫЛАУ

ҚР президенттері жолдауының адресантын екі модельге жіктеуге болады: бірі – кең ауқымды адресант, бұған Қазақстан азаматтары жатады; екіншісі – ауқымы тар адресант, бұған үкімет мүшелері, жоғары және төменгі палата өкілдері жатады. Президент кең ауқымды

адресанттардың (электоратының) қолдауын, мақұлдауын алу мақсатында сөз арнаса, тар ауқымы адресантқа тапсырма беру (бұйрық) мақсатын көздейді. Сондай-ақ, кең ауқымды адресант жолдаудың бенефицианты, жолдаудың басты бағатталушы аудиториясы болады [7, 69]. Қазақстан президенттерінің жолдауы бойынша кең ауқымды адресант әрі оның бенефицианты – Қазақстан халқы.

Жолдаудың адресанты ең алдымен мәтіндегі қаратпалардан аңғарылады. Басым бөлігі ресми канцеляризм сипатымен берілген. Мұндай канцеляризмдер мәтін құрылымында белгілі бір жүйемен беріліп отырады. Яғни, аудиторияның белгілі бір тобына сөз арнаған уақытта дәл осы канцеляризмдерді қолданып отырады да, бұл өз кезегінде ақпараттың тағы да арнайы мақсатта ұйымдастырылып берілуіне мүмкіндік береді. Жалпы, ҚР Президенттері барлық *қазақстандықтарға, Қазақстан халқына* арнап жарияласа, РФ президенті В.В.Путин *Федерация кеңесі мүшелері мен депутаттарына, құрметті әріптестеріне* арнап жариялайды, екінші кезекте *Ресей азаматтары* айтылады.

ҚР президенттері жолдау ақпараттарын белгілі бір адресантқа бағыттағысы келген сәтте қаратпа құрылымдарды қолданатыны аңғарылады:

- Қазақстан жұртына қаратылған: *Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті қазақстандықтар! Құрметті отандастар! Қадірлі халқым! Қадірлі қауым!*

- Парламент пен Үкімет мүшелеріне қаратылған: *Құрметті депутаттар! Құрметті депутаттар, мәжіліске қатысушылар, меймандар! Ханымдар мен мырзалар! Құрметті депутаттар және Үкімет мүшелері! Менің серіктестерім!*

- Кәсіпкерлер қауымына қаратылған: *Кәсіпкерлер, іскер азаматтар!*

- Жастар қауымына қаратылған: *Қазақстанның жас азаматтары!*

Бұлардың арасында *қадірлі халқым* қаратпасы ерекше экспрессивтік реңкке ие болғандықтан, халыққа деген сенімін, сүйіспеншілігін беруде Қазақстан президенттері жиі қолданатын бірліктерінің бірі әрі қазақ аудиториясына қаратпа жолдаған уақытта осы форманы жиі пайдаланады. Қазақ саяси дискурсында кездесетін тағы бір экспрессивтік-эмоционалдық сипатқа ие қаратпа (көне канцеляризмнің бірі) сөздердің бірі – «ағайын». Бұл өз кезегінде, туыстық қатынасты білдіретін этнографиялық реалий болып саналады. Қазақ тілінде «ағайын» сөзін әдеби тілде туыскандар, туған-туыс, бауырлас мағыналарынан өзге ауыспалы мағынада адамдарға жылы қарым-қатынас жасау мақсатында «жұрағат, көпшілік, жамағат» мағыналарында қолданылады.

ҚР президентінің жолдау мәтіндері қазақ және орыс тілдерінде дайындалады, ағылшын тіліне аударылады. Президенттердің халыққа жолдау жасау дәстүрі 1997 жылдан басталған (осы күнге дейін 27 жолдау жасалған). 1997-2002 жылдары аралығында (5 жолдауы) жолданған жолдаулар орыс тілінде ғана жарияланған. 2002 жылдың 16 сәуірінен бастап жолдау мәтіндері қазақша жариялана бастады. Ағылшын тіліне 2003 жылдың 4 сәуіріндегі жолдауынан бастап аударылады. Жолдаулардың 6-уы Президент Қ.Тоқаевтікі, қалғандары – экс-президент Н.Назарбаевтікі.

Қазақстан президенттерінің (Н.Назарбаев және Қ.Тоқаев) жолдауы Ресей Федерациясы (Д.Медведев және В.Путин), АҚШ (Б.Обама, Д.Трамп, Д.Байден) президенттерінің жолдауынан ерекшеленетін тұстары бар. Қазақстан президенттерінің жолдауы – тек халық алдында есеп беру мен биліктің жоспары хақында ғана жасалған баяндама емес, мемлекеттің саяси өмірі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы ашып көрсетілген, мемлекеттік реформалар мен жаңашылдықтары, үкімет атқаруға тиіс тапсырмалар мен міндеттер айқын белгіленген құжаттар. Бұл жағынан, жолдаулар мемлекеттің бүгінгі проблемасын шешуге әрі алдағы бастамалар мен стратегиялары жайын сөз еткен, ал тематикасы тұрғысынан қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдардың идеологиялық негізіне айналатынын көруге болады.

Саяси дискурста жіктеу есімдіктердің функционалды жүктемесі мен рөлі ерекше. Саяси дискурс жанры ретінде жолдаудың басты мақсаты – аудиторияға әсер ету мен сендіру. Жоғарыда айтылғандай, жолдау – саяси жағынан қалыптасқан тұлғаның сөйлеу әрекеті. Ендеше, қалыптасқан, халық алдында абыройы мен беделі, жинаған саяси ұпайы бар тұлғаның жолдау мәтінінде «мендік» индивидін жарыққа шығаруы қалыпты жайт. Ал оның жарыққа

шығуының бірден-бір тілдік репрезентациясы – *Мен* жіктеу есімдігі. I жақ жіктеу есімдігі – тұлғаның репрезентациясын жүзеге асыратын семантикалық категория [2, 7]. *Мен* есімдігінің нақтылық мәні күшті, ол әрдайым белгілілік мәнінде жұмсалады. Қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес, мәтінде *мен* жіктеу есімдігі тікелей қолданылмай жасырын тұрса, онда етістіктің жақ категориясы (I жақ тұлғасы) арқылы көрініс табады. Мысалы, *Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын* (Тоқаев, 2023, 1 қыркүйек.) Мұнда *мен шақырамын* деген интенция жасырын тұр. Жіктеу есімдігінің бұл қасиеті I-жақ тұлғаларының мағынасының тұрақтылығына, белгілілік мәнінің күштілігіне, прагматикалық ерекшеліктеріне байланысты болса керек [14, 334].

Саяси дискурста *мен* жіктеу есімдігінің эмоционалды-экспрессивті мәні жоғары, одан бөлек коммуникативті-прагматикалық қызметі ерекше. Сөйлеуші қашанда тыңдаушының мақұлдауын алуға, онымен прагматикалық ұғынықты байланыс орнатуға тырысады. Мысалы, *«Мен әрбір жолдауымда халықтың әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс сапасын жақсартуға ерекше мән беріп келемін»* (Назарбаев, 2018, 5 қазан). *Мен* есімдігі сөйлеушінің тұлғалық деңгейін, жеке атақ-абыройы мен жауапкершілігін танытуға, саяси өмірге араласуға, саяси мәселелерді шешуге бейім, ықыласты екенін көрсетуге көмектеседі [15, 351]. Мәселен, Президент Қ.Тоқаев жолдауында өзінің қызметтік карьерасына кері әсер ететін президент өкілеттілігін шектеу туралы шешімге былай реакция білдіреді: *«...Президент сайлауына баруға дайынмын»* (2022, 1 қыркүйек) дейді.

Сондай-ақ, *мен* есімдігі грамматикалық стилистика тұрғысынан сөзді (әңгімені) байланыстыруға, сөйлеу сәті мен тыңдаушының қабылдауын қабыстыруға септігін тигізеді. Саясаткердің «осы жерде және қазір» болып жатқан үдерістердің бел ортасында екенін ұқтыру үшін де *мен* есімдігіне көбірек жүгінеді. Әсіресе, жағымды жаңалықтарды бөлісерде, тиімді шешім мен ұтымды бастамаларды айтарда *мен*-нің рөлі күшейеді. Мысалы, *«Менің қаңтар айындағы Вашингтонға ресми сапарым және Президент Дональд Трамппен жүргізген келіссөздерім барысында Қазақстан мен АҚШ-тың XXI ғасырдағы кеңейтілген стратегиялық серіктестігі жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілді»* (Назарбаев, 2018, 5 қазан). Жалпы, саясаткердің тіліндегі *мен* – оның шынайы, адал, жауапкершілігі мол адам екенін көрсетудің мықты амалдарының бірі.

Мен есімдігін саясаткерлік тәжірибесі мол (тәжірибесі барлары да), саяси ортада беделі қалыптасқан басшылар жиі қолданады. Сондай басшылардың бірі – ел президенттері. Жолдау мәтіндеріндегі *мен* категориясының қолданысын талдау саяси тұлғаның репрезентациялық болмысын ашуға, сипаттауға мүмкіндік тудырады. Сол арқылы саяси лидердің ментальды-психологиялық хал-күйін, мінез-құлқын, шешім қабылдауға деген прагматикалық қабілетін тануға болады. Әдетте, саяси автор өзінің демонстрациялық келбетін қалыптастыру үшін *мен* есімдігін жиі қолданады, сол арқылы сезімін, көңіл-күйін, өзге де ұстанымдарын (саяси-идеологиялық, адамгершілік) аудиториясына жеткізеді. Ментальды «меннің» арғы жағында коммуниканттың рухани болмысы, қарым-қабілеті, ниет-пиғылы, өзін және сыртты бағалау категориялары жатады. *Мен* есімдігі «субъектінің бағаланатын объектіге қатынасын білдіреді» [4, 60].

Мен есімдігінің референті, назардың эпицентрі қашанда сөйлеушінің өзі. Саяси басшы I жақтық тұлғаның көмегімен өзін жақсы жағынан көрсетуге, жағымды қасиеттері мен қабілетін демонстрациялауға күш салады [15, 46]. *Мен*-ді қолдану арқылы жеке тұлғалық дискурсын жасақтап, өзін ішкі жағынан көрсетуге мүмкіндік алады. Мәселен, қазақстан президенттері жолдау мәтіндерінде «мен» моделін ой-пікірін, сезімі мен эмоциясын беруде, сонымен қатар, экспрессивтік мән тудырушы стильдік құрылым ретінде кәдеге жаратады. Халқына сенім білдіру, тағзым қылу ниетін, жүрекжарды ізетін білдіруде пайдаланады. Ел басқарудағы өзіндік орнын, мәртебесі мен артықшылығын атап көрсетуге мән береді.

Менің ғұмырым ел тағдырымен еншілес.

Маған Сират көпіріндей қылтылдаған кезеңде тәуелсіздік алып, мемлекет құру ісі сеніп тапсырылды.

Сондықтан мен сенімге серт беріп, бар жауапкершілікті мойныма алдым.

Күрмеуі қиын түрлі тағдырлы шешімдерді жүрегімнен өткізіп қабылдадым.

Мен 20 жылдан бері бар күш-жігерім мен білік, тәжірибемді аямай, халқыма қалтқысыз қызмет етіп келемін.

Мен үшін қашанда мемлекет мүддесі мен ел игілігі жолында қызмет атқарудан артық бақыт болған емес.

(Назарбаев, 2011, 28 қаңтар)

Мен қашанда бәрін ашық айтып жүрмін.

Мен ең шешуші сәттерде елім үшін қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Бұл – менің президенттік борышым.

Мен ең қиын сәтте, қандай жағдай болса да, ақырына дейін халқыммен бірге боламын деп ашық айттым.

Ашығын айтайын, маған «асықпайық, заман жақсарғанға дейін бұл жоспарды қоя тұрайық» деп ақыл қосқан сарапшылар мен мемлекеттік қызметшілер де болды.

(Тоқаев, 2022, 16 наурыз)

Мен еліміздің даму бағдары туралы пайымдарымды үнемі айтып жүрмін. Соны тағы да қайталағым келеді.

Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын. Сондай-ақ, мен көп ойланып, Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзақтығын қайта қарау қажет деген байламға келдім. Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынамын.

(Тоқаев, 2022, 1 қыркүйек)

Мен Мемлекет басшысы ретінде халық үшін барлық күш-жігерімді жұмсай беремін.

(Тоқаев, 2021, 1 қыркүйек)

Үзінділерден байқағанымыздай, қос президент те елді қиын шақта басқарып, бірі одан аман алып шыққанын, екіншісі аман алып қалғанын тілге тиек етіп, оны «мендік» имиджін қалыптастыруға бағыттайды. Бірі қиын шақта мемлекет құру ісін жауапкершілігіне алса, екіншісі шешуші сәтте президенттік борышын адал атқарды. Н.Назарбаев өзінің «менін» адресант-халықпен «еншілес», теңдес (мен халықтікімін, халық арасынан шыққан жанмын деген пресуппозиция жасырынған) екеніне назар аудартып, *халық, тағдыр, ғұмыр, сенім, бақыт* сынды лексикалық бірліктер арқылы экспрессиялы-эмоционалдық күйін жеткізіп, аудиториямен кері байланыс орнатады. Мұндай экспрессия Қ.Тоқаевтың жолдауларында да кездеседі. Бірақ екі президенттің экспрессиялық реңкінде айырмашылық бары байқалады. Экс-президент елді басқарудағы ұзақ уақытын халықтың игілігі мен қалтқысыз қызметіне жұмсағанын алға тартса, Қ.Тоқаев халықтың тағдыры шешілер қиын сәтте президенттік тақта болғанына, халықпен бірге қалғанына (*ақырына дейін халқыммен боламын*) назар аудартады. Қиын шақта айтқан сөзін имиджік-коммуникациялық мақсатта пайдаланады. Сондай-ақ, өзіндік «менін» (мендік пікірін) өзгенің көзқарасынан өзгешелеп алып (нақтырақ айтсақ, қарсы қойып) та, өзін дара тұлға, жеке пікірі бар саналы басшы екенін ерекшелеп айтады.

Екі президент үшін де басты ұстаным – **мемлекеттік мүдде**. Алайда алғашқы президент мемлекеттік мүдде үшін ұзақ уақыт қызмет етуді таңдаса, кейінгі президент қызметтік мандаттың уақытын қысқарту мен шектеуді жөн санайды. Екі басшының ел басқарудағы парадигмаларындағы айырмашылық **осы дилеммадан** байқалады.

Жоғарыдағы мысалдардан көрініп тұрғандай, Қ.Тоқаев өзін *ашық айтатын, ашық айтып жүрген* саяси басшы ретінде таныстырады. Н.Назарбаев жолдауларында мұндай позиция ұшырыспайды. Бұл ерекшелік саясаткерлердің жүргізіп отырған саясатымен тікелей байланысты болса керек. Президент Қ.Тоқаевтың жолдау мәтіндерінде бұрынғы президент

Н.Назарбаевтың жолдау мәтіндеріне қарағанда когнитивтік тілдік құрылымдар кездеседі. Бұл жаңа президенттің идеология, саяси-қоғамдық салада жаңа концептуалды идеяларды әкелуімен, ұсынған реформаларымен тікелей байланысты. Мәселен, Қ.Тоқаевтың жолдауларында *Халық үніне құлақ асатын мемлекет, Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет* қағидасы, *Халық қатысатын бюджет* жобасы, *Ұлттық қор – балаларға бағдарламасы, Қазақстан халқына қоры, Әділетті Қазақстан, Жаңа Қазақстан*, т.б. тұтас концептуалды саяси идеялар аталады. Бүгінгі президенттің ашықтық саясатының өкілі ретінде өзін таныстыруының себебі осында болса керек.

Қ.Тоқаев *мен ашықпын* ұстанымының *халықты құлақтандыру, ақиқатты ашық айту* сынды компоненттері бар. Коронавирус пандемиясы мен қаңтар оқиғасы жайлы айтылып отырған төмендегі жолдау үзіндісінен президенттік «меннің» қағидаты ақиқатты айту екені аңғарылады.

Мен қашанда бәрін ашық айтып жүрмін. Индет кезінде қалыптасқан ахуал жөнінде жұртшылыққа үнемі ақпарат беріп отырдым. Кешегі қатерлі күндерде Мемлекет басшысы ретінде халыққа арнап бірнеше үндеу жасадым. Барлық жағдайды азаматтарымызға жан-жақты түсіндіріп, азаматтарымызға жеткіздім. Әрбір шешімді еліміздің мүддесіне сай қабылдадым. Бұл – мен үшін бұлжымас ұстаным.

Бұл қаңтар оқиғасына әділ баға беруге, ең алдымен, биліктің мүдделі екенін көрсетеді. Мен мұны толық қолдаймын, біз ақиқатты айтуымыз керек. Бұл – менің жеке қағидатым.
(Тоқаев, 2022, 16 наурыз)

Саяси басшының «мендік ұстанымы» ақпаратты ашық жеткізу болса, «мендік қағидаты» – ақиқатты айту. Президент Тоқаевтың тағы бір коммуникативті актісіне тән ашықтық компоненті – уәде беру мен оның коммуникативті уәждемесі – уәдені орындау.

Мен халыққа берген уәделерімді міндетті түрде орындаймын.

Мен уәде еткен саяси жаңғыру үдерісі азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүдделеріне сәйкес, біртіндеп үздіксіз жүзеге асырылатын болады.

(Тоқаев, 2019, 2 қыркүйек)

Біз маңызды стратегиялық мәселелерге қатысты түпкі шешімді референдум арқылы қабылдауымыз қажет. Бұл – 2019 жылы сайлау алдында менің халыққа берген уәдем.

Біз бұған дейін уәде бергеніміздей, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді.

(Тоқаев, 2023, 1 қыркүйек)

Мен есімдігі түрлі коммуникативтік-прагматикалық мақсаттарды жүзеге асыруда қолданылады. Н.Назарбаевтың және Қ.Тоқаевтың жолдауларын қарастыру барысында Мен және І жақтық тұлғаның қолданысынан мынандай коммуникативті мақсат түрлері ажыратылады (1-кесте):

Жолдаудағы коммуникативті мақсат түрлері

(1-кесте)

Коммуникативті мақсат	Тілдік құрылымы
Ризашылық білдіру	мен ... ризашылығымды білдіремін
Қалау мәнін білдіру	мен ... атап өткім келеді; мен ... тоқталайын; мен ... жариялағым келеді; мен ... алға тартқым келеді; мен ... баяндап бергім келеді; мен ... сақтандырғым келеді
Бастама көтеру	мен ... бастама көтерген едім; менің бастамам қолдау тауып; менің ұсынысыма қолдау білдірді
Бастаманың жүзеге асырылуы	мен тапсырмаммен ... әзірленді
Талап қою	мен ... талап етемін

Процеске қатыстылық	мен... айтып жүрмін, соны тағы қайталағым келеді
Ойды нақтылау	мен ... нақты айттым
Іске жұмылдыру	мен ... әрбір азаматын ... шақырамын
Аудиторияның мақұлдауын алу	менің ... баса мән беретінімді баршаңыз білесіздер; баршаңызға мәлім, мен ... ашылуында жариялаймын
Шешімнің құндылығын айту	менің тапсырама бойынша ... тиімділігі бағаланды
Тапсырма беру (императив)	мен ... тапсырамын; мен ... тапсырдым; мен ... тапсырған едім
Шешім қабылдау	мен ... шешім қабылдадым
Дұрыс деп санау, ойлау	мен ... деп санаймын; мен ... деп ойлаймын
Сенім білдіру	мен ... сенемін; мен ... кәміл сенемін; мен ... сенімдімін
Ұсыныс айту	мен ... ұсынамын; мен ... ұсынып отырмын, менің ұсынысым ... айтарлықтай ... азайтады
Есеп беру	мен ... ақпарат беріп отырдым; мен ... үндеу жасадым
Мәлімдеу	мен ... мәлімдеймін
Мақтан ету	мен ... мақтан етемін
Менің бақылауымда	бұл ... менің бақылауымда
Маңызды ақпаратты белгілеу	мен үшін ... маңызды; мен үшін ... өзекті; ... мені алаңдатады; менің басты мақсатым ...

Кестеде көрсетілген коммуникативті акт мақсаттары қос президентке ортақ: екеуінің жолдауларынан бірдей көрініс табады. Алайда кей коммуникативті мақсаттардың түрі біреуінде қолданысы жиілеген де, енді бірінде оның қолданысы азайған немесе қолданылмаған. Мәселен, Н.Назарбаевтың жолдауларында тапсырма беру **императивті** формасы Қ.Тоқаевтың жолдау мәтіндеріне қарағанда жиірек қолданылған (2-кесте).

Н.Назарбаев пен Қ.Тоқаевтың жолдауларындағы «мен ... тапсырамын» құрылымының қолданысы жиілігі

2-кесте

Н.Назарбаев жолдауы	Сөз саны	Жиілігі	Қ.Тоқаев жолдауы	Сөз саны	Жиілігі
2018, 5 қазан	4409	20	2023, 1 қыркүйек	7670	9
2018, 10 қаңтар	4016	6	2022, 1 қыркүйек	5992	6
2017, 31 қаңтар	4105	22	2022, 16 наурыз	6907	4
2012, 14 желтоқсан	15132	20	2021, 1 қыркүйек	6750	5
2010, 29 қаңтар	5290	15	2020, 1 қыркүйек	8973	30
2007, 28 ақпан	10984	21	2019, 1 қыркүйек	5980	19

Мәселен, Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы жолдауында *мен ... тапсырмасын* құрылымы 20 рет қолданылса, Қ.Тоқаевтың көлемді жолдауларының бірі – 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында 9 рет қолданылған. Тек Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы жолдауында жиілігі көп (30), оған себеп – мәтіннің көлемді болуы. Ал Н.Назарбаевтың сөз саны аз жолдауларының өзінде *мен ... тапсырамын* қолданыс жиілігі көп. Соған қарағанда, Н.Назарбаевтың саяси қайраткерлік болмысында императивтік тон басымырақ болғанға ұқсайды. Бұл оның көпжылдық президенттік және мемлекеттік басшылық қызметте болуымен байланысты болса керек.

Ал Қ.Тоқаевтың жолдауларында *мен ... деп санаймын* және *мен ... деп ойлаймын* мақсатты қолданысы көбірек ұшырасады (3-кесте).

мен ... деп санаймын және *мен ... деп ойлаймын*
қолданысы жиілігі

3-кесте

Н.Назарбаев жолдауы	Сөз саны	Жиілігі	Қ.Тоқаев жолдауы	Сөз саны	Жиілігі
2018, 5 қазан	4409	2	2023, 1 қыркүйек	7670	4+1
2018, 10 қаңтар	4016	-	2022, 1 қыркүйек	5992	5+3
2017, 31 қаңтар	4105	-	2022, 16 наурыз	6907	9
2012, 14 желтоқсан	15132	-	2021, 1 қыркүйек	6750	4
2010, 29 қаңтар	5290	-	2020, 1 қыркүйек	8973	4+2
2007, 28 ақпан	10984	1+1	2019, 1 қыркүйек	5980	4+1

Кестеден байқалғандай, *мен ... деп санаймын* және *мен ... деп ойлаймын* қолданысы Н.Назарбаевтың кей жолдауларында кездеспейді, ал Президент Қ.Тоқаев жолдауларында ол құрылым қолданылмаған бірде-бір жолдау жоқ. Біздің ойымызша, бұл заңдылық Президент Қ.Тоқаевтың саяси этикасымен байланысты. Саяси басшы *мен ... деп ойлаймын*, *мен ... деп санаймын* қолданыстары арқылы өзінің жеке ойы мен идеясын, көзқарасын ортаға салады. Мұндай жағдайда саясаткер өзін жеке толыққанды тұлға ретінде көрсетеді әрі белгілі бір мәселеге шешім айту арқылы тұлғалық қабілетін танытып, абыройын арттырады [15, 352]. Сондай-ақ, мәселенің шешімін айта отырып, белгілі бір саяси бэкграунддын паш етуге тырысады. Әдетте, мұндай құрылымды саясаткер даулы, шешілмеген мәселе мен қоғам үшін нәзік тақырыптарды айтқанда пайдаланады. Ондай мәселені саяси басшы тұрғысынан зияткерлік болмысты сақтап, мәдени-этикалық ұстанымды басшылыққа алып айту – бүгінгі президенттің бір қыры болса керек. Өйткені Қ.Тоқаевтың жолдау мәтіндерді дайындау процесіне өзі қатынасатыны байқалып тұрады. Мұндай «мендік» тілдік құрылымдарды енгізуде жеке этикалық амалдарды басшылыққа алатыны да көрінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Президенттердің жолдау мәтіндері арнайы спичрайтер-ұжымның көмегімен жазылғандықтан, қос президенттің де жолдаулары идентификациялық тұрғыдан жалпылай сәйкес келеді. Жолдау мәтінін құру, лексика-стистикалық, грамматикалық стилистика құралдарды қолдану, прагматикалық мақсатты беру әдістері ұқсас болғанымен, мұндай ресми құжатты (жолдауды) дайындауға президенттің өзі де атсалысатындықтан, екі саяси басшының мәтін түзу, ой жеткізу амалдарында айырмашылық бары байқалды. Экс-президент Н.Назарбаевтың жолдауларында императивтік тон басымдық болса, президент Қ.Тоқаевтың жолдауларында қалау, өтініш, ұсыну модальділігі басым екені аңғарылды. Бұл нәтиже жоғарыда ұсынылған гипотезаны растай алды деген сенімдеміз.

Мақала «Саяси лидерлер мен мемлекет қайраткерлерінің тілі: XX ғ. басындағы Алашорда көсемдерінен тәуелсіздікке дейін» (AP 14872021) гранттық жобасы бойынша әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі №976 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000976>
- 2 Giomi R. Headedness and modification in Functional Discourse Gramma // Glossa: a journal of general linguistics. – 2020. – №5(1). 1-32 pp. <https://doi.org/10.5334/gjgl.1290>
- 3 Стекова Т.И. «Президент Жолдауы» саяси коммуникация жанры ретінде // Саяси лингвистика. – 2012. – №3 (41). – Б. 58-63.
- 4 Dijk T.A. van. Ideology: A Multidisciplinary Approach. – London: Sage, 1998. – 374 p.
- 5 Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.
- 6 Лифэнь Лю, Шарафутдинов Д.Р. РФ Президентінің 2016 жылғы Ресей Федерациясының Федералдық Жиналысына Жолдауының мәтінін жүйелік функционалдық лингвистика тұрғысынан талдау // Саяси лингвистика. – 2018. – № 5 (71). – Б. 73-80.
- 7 Фролова О.Е. Президенттің Федералдық Жиналысқа Жолдауы: жанр, мазмұн және білдіру құралдары // Орысша сөйлеу. – 2020. – №06. – Б. 67-81.
- 8 Абдиман Ж.О. Н.Ә.Назарбаевтың инаугурациялық сөйлеген сөздерінің лексикалық ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – № 3. – Б. 125-130
- 9 Mustafa S.S. English Personal Pronouns as a Manipulation Strategy in Political Discourse: A Critical Discourse Analysis // Journal of the College of Languages. – 2021. – №44. – 1-20 pp. <https://doi.org/10.36586/jcl.2.2021.0.44.0001>

- 10 Masqotul Imam Romadlani M. Personal Pronouns in American Presidential Political Discourse // Indonesian Journal of EFL and Linguistics. – 2021. – №1. – 201-215 pp. <https://doi.org/10.21462/ijefl.v6i1.356>
- 11 Alavidze M. The use of pronouns in political discourse // International Journal of Arts & Sciences. – 2017. – №9. – 349–356 pp.
- 12 Янь Чжао. Президенттік дискурста бірінші жақ есімдіктерінің сөйлеуді тарту құралы ретінде қолданылуы // Филология ғылымдары. Теория және практикалық мәселелер. – 2019. – №12. – Б. 260-264. <https://doi.org/10.30853/filnauki.2019.7.56>
- 13 Чудинов А.П. Қазіргі саяси метафологиялар туралы эсселер. Монография. – Екатеринбург, 2013. – 176 б.
- 14 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – А: Дайк-Пресс, 2011. 2-том. – 828 б.
- 15 Газарова Д. Саяси дискурстағы тұлғалы есімдердің прагматикалық және манипуляциялық мүмкіндіктері // Ереван университетінің хабаршысы. орыс филологиясы. – 2022. – № 1. – Б. 43-56.

Материал 03.06.2024 баспаға түсті

Функционально-прагматическая функция местоимения «я» в текстах Послания

К.Б. Слямбеков

Институт языкознания им. А. Байтурсынова, Алматы, 050040, Республика Казахстан

В статье приводятся научные выводы о прагматической силе личного местоимений «Я» в языке политического лидера. Описывались коммуникативные интенции местоимения «Я» в тексте посланий президентов Казахстана, а также определены преобладающие коммуникативные цели данных политических лидеров. Выдвинутая в статье гипотеза состоит в том, что в посланиях экс-президента РК Н.Назарбаева и действующего Президента РК К. Токаева имеются различия в оценочных и прагматических аспектах личностного показателя «Я», которые напрямую связаны с реалиями личностного дискурса президентов.

Анализ использования категории «Я» в текстах послания позволяет охарактеризовать репрезентативные характеристики политической личности. Говорящий, используя демонстративное «Я», передает свое поведение, психико-ментальное состояние, прагматическую интенцию. Цель статьи является определение личностных качеств говорящего через личностных местоимение в текстах послания. В исследовании также применялся математические подсчеты с целью закрепления умозаключений, опираясь на количественные показатели.

Ключевые слова: сообщение, местоимение, политический лидер, политический дискурс, коммуникативная цель, классификация местоимений, анализ дискурса, политическая лингвистика.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Указ Президента РК от 27 апреля 2010 года №976. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000976>
- 2 Giomi R. Headedness and modification in Functional Discourse Grammar // Glossa: a journal of general linguistics. – 2020. – №5(1). 1-32 pp. <https://doi.org/10.5334/gjgl.1290>
- 3 Стекова Т.И. «Послание президента» как жанр политической коммуникаций // Политическая лингвистика. – 2012. – №3 (41). – С. 58-63.
- 4 Dijk T.A. van. Ideology: A Multidisciplinary Approach. – London: Sage, 1998. – 374 p.
- 5 Мамынова Б. Общественно-политическая лексика в казахском языке: социально-оценочная, словообразовательная. – Алматы: Казахский университет, 2005. – С. 140.

- 6 Лифэнь Лю, Шарафутдинов Д.Р. Анализ текста Послания президента России Федеральному Собранию РФ от 2016 года с позиций системно-функциональной лингвистики // Политическая лингвистика. – 2018. – № 5 (71). – С. 73-80.
- 7 Фролова О.Е. Послание президента Федеральному собранию: жанр, содержание и средства выражения // Русская речь. – 2020. – №06. – С. 67-81.
- 8 Абдиман Ж.О. Лексические особенности инаугурационных речей Н.А.Назарбаева // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2017. – № 3. – С. 125-130.
- 9 Mustafa S.S. English Personal Pronouns as a Manipulation Strategy in Political Discourse: A Critical Discourse Analysis // Journal of the College of Languages. – 2021. – №44. – 1-20 pp. <https://doi.org/10.36586/jcl.2.2021.0.44.0001>
- 10 Masqotul Imam Romadlani M. Personal Pronouns in American Presidential Political Discourse // Indonesian Journal of EFL and Linguistics. – 2021. – №1. – 201-215 pp. <https://doi.org/10.21462/ijefl.v6i1.356>
- 11 Alavidze M. The use of pronouns in political discourse // International Journal of Arts & Sciences. – 2017. – №9. – 349–356 pp.
- 12 Янь Чжао. Использование местоимений первого лица в президентском дискурсе как средство речевого вовлечения // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2019. – №12. – С. 260-264. <https://doi.org/10.30853/filnauki.2019.7.56>
- 13 Чуудинов А.П. Очерки по современной политической метафологии. Монография. – Екатеринбург, 2013. – С.176.
- 14 Функциональная грамматика казахского языка. – А: Дайк-Пресс, 2011. 2-том. – 828 с.
- 15 Газарова Д. Прагматический и манипулятивный потенциал личных местоимений в политическом дискурсе // Вестник Ереванского Университета. Русская филология. – 2022. – № 1. – С. 43-56.

Материал поступил в редакцию журнала 03.06.2024

The functional and pragmatic function of the place «I» in the texts of the Message

К.В. Slyambekov

The Institute of Linguistics named of after A. Baitursynov, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

The article presents scientific conclusions about the pragmatic power of the personal pronouns "I" in the language of a political leader. The communicative intentions of the pronoun "I" in the text of the messages of the presidents of Kazakhstan were described, and the prevailing communicative goals of these political leaders were determined. The hypothesis put forward in the article is that in the messages of the ex-President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev and the current President of the Republic of Kazakhstan K. There are differences in the evaluative and pragmatic aspects of the personal indicator "I", which are directly related to the realities of the personal discourse of the presidents.

The analysis of the use of the category "I" in the texts of the message allows us to characterize the representative characteristics of a political personality. The speaker, using a demonstrative "I", conveys his behavior, mental and mental state, and pragmatic intention. The purpose of the article is to determine the personal qualities of the speaker through the personal pronoun in the texts of the message. The study also used mathematical calculations in order to consolidate conclusions based on quantitative indicators.

Key words: message, pronoun, political leader, political discourse, communicative purpose, classification pronoun, discourse analysis, political linguistics.

REFERENCES

- 1 Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated April 27, 2010, No. 976.

- 2 Giomi R. (2020), Headedness and modification in Functional Discourse Grammar // *Glossa: a journal of general linguistics*, 5(1).
- 3 Stekova, T.I. (2012), «*Poslanie prezidenta*» kak zhanr politicheskoy kommunikacij [«The message of the President» as a genre of political communications], *Politicheskaja lingvistika* [Political linguistics], 3 (41). [in Russian]
- 4 Dijk T.A. van. (1998), *Ideology: A Multidisciplinary Approach*. – London: Sage, 1998. – 374 p.
- 5 Момынова, В. (2005), *Qazaq tilindegi qozamdyq-sayasi leksika: aleumettik-bagalauyshtyq, sozhasam* [Socio-political vocabulary in the Kazakh language: socio-evaluative, word formation] (Almaty, Qazaq universiteti). [in Kazakh]
- 6 Lifen Liu, Sharafutdinov D.R. (2018), Analysis of the text of the Message of the President of Russia to the Federal Assembly of the Russian Federation from 2016 from the standpoint of system-functional linguistics [Analysis of the text of the Message of the President of Russia to the Federal Assembly of the Russian Federation from 2016 from the standpoint of system-functional linguistics], *Politicheskaja lingvistika* [Political linguistics], 5 (71). [in Russian]
- 7 Frolova, O.E. (2020), *Poslanie prezidenta Federal'nomu sobraniju: zhanr, sodержание i sredstva vyrazhenija* [The message of the President to the Federal Assembly: genre, content and means of expression], *Russkaja rech* [Russian speech], (6). [in Russian]
- 8 Abdiman, J.O. (2017), *Leksicheskie osobennosti inauguracionnyh rechej N.A.Nazarbaeva* [Lexical features of N.A.Nazarbayev's inaugural speeches], *Vestnik KazNU. Serija filologicheskaja* [Vestnik KazNU. Philological series], 3(3). [in Russian].
- 9 Mustafa S.S. (2021), English Personal Pronouns as a Manipulation Strategy in Political Discourse: A Critical Discourse Analysis, *Journal of the College of Languages*, (44).
- 10 Masqotul Imam Romadlani M. (2021), Personal Pronouns in American Presidential Political Discourse, *Indonesian Journal of EFL and Linguistics*, (1).
- 11 Alavidze M. (2017), The use of pronouns in political discourse, *International Journal of Arts & Sciences*, (9).
- 12 Jan' Chzhao (2019), *Ispol'zovanie mestoimenij pervogo lica v prezidentskom diskurse kak sredstvo rechevogo вовлеченija* [Using first-person pronouns in presidential discourse as a means of speech engagement], *Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki*. [Philological sciences. Questions of theory and practice], (12). [in Russian]
- 13 Chudinov, A.P. (2013), *Oчерки по современной политической метафологии* [Essays on modern political metaphology] (Ekaterinburg). [in Russian]
- 14 *Qazaq tilining funkcionaldy grammatikasy* [Functional grammar of the Kazakh language] (Almaty, 2011). [in Kazakh]
- 15 Gazarova, D. (2022), *Pragmатический i манипулятивный потенциал личных местоимений в политическом дискурсе* [Pragmatic and manipulative potential of personal pronouns in political discourse], *Vestnik Erevanskogo Universiteta. Russkaja filologija* [Bulletin of Yerevan University. Russian philology], (1). [in Russian]

Received: 03.06.2024